

# КҮРЕСУ ЖӘНЕ ФОРМАЛИНМЕН ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ. ФУМИГАНТТАР ТҮРЛЕРІМЕН МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ТӘСІЛДЕРІ

Қабылдаған: Жексенбай Б.

Орындаған: Білісбеков А.



Карантинге жатқызылған импорттық жүктерді, өнімдер мен материалдарды сақтау және ауыстырып тиеу үшін пайдаланылатын қоймалық ғимараттардың карантиндік және басқа аса қауіпті зиянкестермен зақымдалу мүмкіндігіне байланысты оларды кемінде жылына бір рет фумигация тәсілімен, тұмандатып немесе ылғал-жанаспа өңдеу жолымен алдын-ала зарарсыздандырады.



Өңдеу сол қойма ғимараты бақылауындағы Территориялық инспекцияның бұйрығы бойынша қойма ғимаратының фитосанитарлық жағдайын зерттеу негізінде жүргізіледі. Зарарсыздандыруға бұйрық берген кезде табылған зиянкес түрі, сақталатын өнімнің түрі мен шығу тегі, ғимарат пен өнімнің температурасы, ғимараттың саңылаусыздандырылу дәрежесі ескеріледі. Фумигациялық отрядтың маманы осы деректермен қаруланып, фумигациялауды да, тұмандата өңдеуді де ҚР-ның Өсімдік карантині жөніндегі Мемлекеттік инспекциясының фумигациялық отрядтары ғана жүргізетінін ескере отырып, ғимаратты қандай әдіспен зарарсыздандыру қажеттігін анықтайды. Ылғал-жанаспа әдіспен қоймаларды шаруашылық өз күшімен-ақ немесе шақырылған мамандар көмегімен зарарсыздандыра алады.



# Қоймаларды және қоймаға қойылатын өнімдерді зарарсыздандыру үшін мынандай инсектицидтер қолданылады:

Бос қойма ғимараттарын және сұлы, арпа, бұршақ тектестерден басқа кез-келген құрғақ өнімдер зарарсыздандыру үшін бромды метил;



Бос қойма ғимараттары мен кез-келген құрғақ өнімдер, соның ішінде тұқымды дәндерді де зарарсыздандыруға арналған фосфорлы сутегі (фосфин) негізіндегі препараттар;



# Жанама әсерлі инсектицидтер

Актеллик  
(500 т.к.)

Қоймаларды, астық  
пен астық  
өнімдерін  
зарарсыздандыру  
үшін

Фуфанон  
(57% т.к.)

К-обиоль  
(2,5% т.  
к.)

Бос қоймаларды  
зарарсыздандыру  
үшін



Децис  
(2,5% Т.К.)



Каратэ  
(050 Т.К.)



Сумитион  
(50% Т.К.)

# Қойма биттері мен кенелеріне қарсы омайт (57% т.к.) ұсынылады.






Жұмыс жетекшісі қойма шаруашылығы өкілдерімен бірге алдын ала тексеру жүргізеді, талап етілетін зарарсыздандыру түрі мен көлемін, қойма ғимаратын механикалық тазарту, саңылаусыздандыру тәртібі мен әдістерін, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шаралардың сипаты мен көлемін, сондай-ақ газдан зарарсыздандыру әдістері мен мерзімін анықтайды. Тексеру нәтижелеріне және астықты фумигациялау немесе жанама әсерлі инсектицидтермен өңдеу белгіленген жағдайда қажетті ұсыныстарға акт (еркін формалы) толтырылады.





# **Фумиганттар мөлшерін анықтау тәсілдері**

Қолданылатын фумиганттың физикалық қасиетін білмеу түбірінен тиімсіз. Әсіресе бұған карантиндік зарарсыздандыруда жол жоқ. Өйткені карантинге жатқызылған өнімдерді сату орындарында жаңа жұғу ошақтарын Мұндай «көз жұмбай» фумигация фумигант мөлшерінің жағдайы мен қорғаныш шараларының тиімділігіне тікелей немесе жанама теріс әсер ететін бірнеше заңды құбылысты ескермейді.



Пайдаланылатын газ үшін және адсорбент массасының бірлігі үшін жұтылатын газ мөлшері екі айнымалы шамаға : газ мөлшерлеу (дозалау) мен температураға байланысты болады. Мұндайда жұтылу іс жүзінде көзді ашып-жұмғанша өтетін үдеріс. Егер бұл эксперименттік тұрғыда табылмаса, онда себепті тасымалдау құбылысынан іздеу керек. Кідіріс жұтылған молекулалардың адсорбент сыртынан қатты дене құрылымының анағұрлым терең бөлігіне енуінен болады. Диффузия үнемі уақыт талап етеді.



Адсорбция, яғни жұтылу – экзотермиялық үдеріс, өйткені жұтылған газ мөлшері үнемі температура артқан сайын азайып, ол төмендеген сайын артады. Алайда кейбір жағдайларда температура артқан сайын жұтылудың төмендеуі бұзылады және белгілі бір температурада кенет ұлғаяды. Бұл жұтылу табиғатында айтарлықтай өзгеріс болып жатқанын білдіреді. Температура артқан сайын жұтылу әуелі азаяды, содан соң күшейіп отыратын хемсорбцияның әсерімен өсе бастайды. Мұндай құбылыс бұл сорбентте екі формада : төменгі температурада физикалық сорбция және анағұрлым жоғары температурада хемсорбция ретінде өте алған жағдайда ғана болуы мүмкін. Бромды метилдің жұтылу үдерісі дәл осылай өтеді, бұл уақытта фосфин ретінде ол хемсорбцияға ұшырамайды және оның өнімдерге жұтылу шамасы керісінше температураға қатысты болады.



# ФУМИГАЦИЯ СКЛАДА



Средство рекомендованной от экзотических

**ЭКО СТОЛИЦА**









